

К.Т. Байжанова*, Р.Б. Ботағарин

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: 70_gulzira_70@mail.ru, botagarin_ruslan@mail.ru)*

Байқоңыр қаласының ерекше құқықтық мәртебесінің кейбір мәселелері

Мақалада Байқоңыр қаласын жалға алу жағдайында жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі ретінде және «Байқоңыр» кешені жалға алынған кезеңде Ресей Федерациясымен қарым-қатынасында объектілерді, кәсіпорындар мен ұйымдарды қауіпсіз пайдалану, сондай-ақ азаматтардың тұруы үшін айрықша тәртіпті федералдық маңызы бар қала ретінде қарастырылған. Байқоңыр қаласы мен аттас ғарыш айлағының құқықтық мәртебесі ерекше және әлемде теңдесі жоқ біртұтас кешен болғандықтан, онда шешімін табуды күтіп тұрған мәселелер жеткілікті. Байқоңырдың бір мезгілде екі құқықтық кеңістікте әрекет етуі оның қызметін едәуір қиындататын бірқатар құқықтық мәселелердің туындауына себеп болуда. Мақалада аталған мәселелер қазақстандық және ресейлік заңнамаға, халықаралық шарттарға сүйене отырып талданды. Қала мәртебесін құқықтық реттеу мәселелері арнайы ғылыми-теориялық зерттеулерді, болып жатқан өзгерістерді талдауды және түсінуді қажет етеді, өйткені қала мәртебесін жақсарту мен онтайландыруға ықпал ететін нақты құқықтық ұсыныстарды, әдістер мен технологияларды әзірлеу мүмкіндігін береді. Зерттеу мақсаты Байқоңыр мәртебесіне жан-жақты талдау жасау, оның өзекті тұстарын анықтау, осы сала бойынша заңнама мен практиканы жетілдіруге байланысты ұсынымдар дайындау болып табылады.

Кілт сөздер: Байқоңыр қаласы, Байқоңыр ғарыш айлағы, қала мәртебесі, Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірлігі, федералдық маңызы бар қала, азаматтылық, әлеуметтік-экономикалық құқықтар, халықаралық шарттар, құқықтық режим, салық.

Kipicne

Қазақстанның кең байтақ даласында ғарыш айлағы және оны қамтамасыз ететін қала 1955 жылдың 12 ақпанында қабылданған КСРО Министрлер Кеңесінің «Р-7 құрлықаралық баллистикалық зымыранды сынауға арналған полигон құру туралы» № 292–181 Қаулысына сай құрылған № 5 полигонның негізінде пайда болды [1]. Әлемге «Байқоңыр» атауымен таныс кешеннің және қаланың қазіргі кезеңдегі құқықтық мәртебесі мәселелерін қозғау үшін алдымен құрылу және қызмет етуінің тарихи аспектілеріне көз жүгірту орынды.

Жетпіс жылдан астам қоян-қолтық өмір сүрген және бірлесе әрекет еткен Кеңестер Одағы бір мезетте тарих сахнасынан кетіп, оның орнына тәуелсіз мемлекеттер келгенде, күрделі шешімін табуы қажет еткен өзекті мәселелердің бірі — Байқоңыр ғарыш кешенін игеру болды.

Байқоңыр қаласының қызмет етуі мен құқықтық мәртебесінің ерекшелігі туралы мәселе КСРО тарағаннан кейін Қазақстан Республикасының меншігіне өткен «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясына оның ғарыштағы мүддесін әрі қарай қамтамасыз етуді жүзеге асыру мақсатында жалға беруден туындады. Себебі, «Байқоңыр» кешені объектілерін пайдалану ендігі жерде халықаралық құқық нормалары шеңберінде және тәуелсіз екі мемлекет арасындағы екі жақты ынтымақтастық шарттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиісті еді. Дегенмен, Байқоңырдың құқықтық мәртебесін анықтау ұзақ уақыт аралығын қамтыды. 1994 жылға дейін созылған аумалы-төкпелі кезеңде кешеннің ғылыми-технологиялық, әлеуметтік, әкімшілік-құқықтық тұрғыдан дұрыс қызмет етуінің заңдық базасы анықталмады. Қазақстан тарапы Байқоңырды өз меншігі деп санағанмен, кешеннің қызмет етуін Ресей тарапы қамтамасыз етті. Бұл мәселе заңдық тұрғыдан шешімін табуға тиісті еді.

Нәтижесінде, 1994 жылдың 28 наурызында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы Келісімге қол қойды [2]. Онда Қазақстан Республикасынан жалға алынып отырған «Байқоңыр» кешеніне сынақ, технологиялық, өндірістік-техникалық, ғылыми, әлеуметтік және қамтамасыз етуші объектілері, соның ішінде жер үсті инфрақұрылымымен бірге Байқоңыр ғарыш айлағы және Ленинск қаласы, олардың жылжымалы және жылжымайтын мүліктерімен қоса енетіндігі бекітілді. Келісім заңды

*Корреспондент автор. E-mail: 70_gulzira_70@mail.ru

күшіне енгеннен кейін үш айлық мерзім ішінде кешенді жалға алу шарты жасалынуы міндеттелді. 1995 жылдың желтоқсан айында Ленинск қаласының атауы Байқоңыр болып өзгертілді [3].

1994 жылдың 10 желтоқсанында Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Байқоңыр кешенін жалға алу Шартына қол қойылды [4]. Бастапқы нұсқада шарттың әрекет ету мерзімі 20 жыл деп көрсетілген болатын, кейінірек «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану бойынша ынтымақтастықты дамыту туралы Келісімнің ережелеріне сай, жалдау мерзімін 2050 жылға дейін ұзартты [5]. «Байқоңыр» кешенінің объектілері Ресейге ғарыш айлағын Ресей Федерациясының ғарыш қызметі мүдделері үшін одан әрі пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жалға берілді.

1995 жылдың 23 желтоқсанында Байқоңыр қаласының құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат қабылданды. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы Келісім ережелері осы мақаланың зерттеу объектілерінің бірін құрайды [6].

Аталған екі жақты келісім-шарттар «Байқоңыр» кешенінің құқықтық базасын қалыптастыруға негіз қалады. Қазіргі таңда Байқоңыр қаласының қызмет ету ерекшеліктерін айқындайтын елуден астам халықаралық шарттар, Қазақстан мен Ресейдің ондаған заңнамалық актілері бар. Халықаралық жалдау шартының және «Байқоңыр» кешені туралы келісімнің нормалары екі мемлекеттің ұлттық заңдарына қарағанда басымдылыққа ие және қатысушы мемлекеттердің атқарушы органдарының міндетті түрде орындауын талап етеді.

«Байқоңыр» кешенінің ерекше құқықтық мәртебесі — ғарыш айлағы ресурстарын бірнеше елдің бірлесіп пайдалануының ерекше көрінісі. Дегенмен, бір мезгілде екі құқықтық кеңістікте әрекет етіп отырған Байқоңыр қаласының айрықша мәртебесінен туындайтын, шешімін табуды күтіп тұрған келелі мәселелер қатары қомақты.

Әдістер мен материалдар

Мақаладағы зерттеудің әдістемелік негізін әлеуметтік-құқықтық құбылыстарды танудың диалектикалық әдісі және танымның тәжірибеден өткен заманауи әдістері құрайды. Зерттеу барысында анализ, синтез, жинақтау, салыстыру, модельдеу тәрізді теориялық талдаудың жалпы логикалық әдістері кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, жұмыста формальды-логикалық, құрылымдық-функционалдық, нақты-тарихи сияқты жалпы ғылыми әдістермен қатар, объектіні күрделі, көп қырлы құбылыс ретінде қарастыруды көздейтін, элементтері арасындағы байланыс салыстырмалы тұрақты құрылымды құрайтын және оның тұтастығын қамтамасыз ететін жүйелік тәсіл де қарастырылды.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін техникалық-құқықтық талдау, нақтылау, түсіндіру әдістері қолданылды. Зерттеу барысында, біріншіден, Байқоңыр қаласының құқықтық мәртебесін айқындау үшін жүйелік-құрылымдық әдіске, екіншіден, қазақстандық заңнамада шетелдік тәжірибені қолдану шегін анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы-құқықтық әдіске ерекше назар аударылды.

Нәтижелер

Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі оны жалға беру жағдайында Қазақстан Республикасының заңдық құзыретін және Байқоңыр қаласының аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтауға байланысты қазақстандық-ресейлік уағдаластықтарда айқындалған мәселелер бойынша «Байқоңыр» кешенінде мемлекеттік саясаттың жүргізілуін және Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілді лауазымды адамы болып табылады [7]. Байқоңыр қаласының мәртебесін, қала тұрғындарының Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудегі ролін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі институтын нығайту ұсынылады. Оның жанынан азаматтардың арыз-шағымдары, ұсыныстары мен келелі мәселелер бойынша жұмыс жасайтын қоғамдық қабылдау немесе қоғамдық кеңес құрылып, тұрақты әрекет етуі жөн. Сонда Байқоңыр тұрғындарының қаладағы саяси және әлеуметтік-экономикалық хал-ахуал бойынша пікір-көзқарастары ҚР мемлекет басшысына да, арнаулы өкілдің Үйлестіру кеңесінің мүшесі болуына байланысты «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясына да жан-

жақты талқыланып жетуші еді. Бұл өз алдына қазіргі кезеңде қалада қордаланып қалған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге көмектеседі деген ойдамыз.

Байқоңыр қаласы, бір жағынан, жалға беру жағдайында қызмет ететін Қазақстан Республикасының заңдық құзыретіндегі қала болса, екінші жағынан, «Байқоңыр» кешенін жалға алу кезеңінде ерекше режимдегі Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қаласы мәртебесіне ие. Осындай екі жақты құқықтық режимдегі жағдайды тиімді пайдаланып, бизнес үшін арнайы экономикалық аймақ (арнайы салық режимімен) құру қызығушылық тудырып, тек Байқоңырдың ғана емес, жалпы өңірдің дамуына тиімді ықпал етері сөзсіз.

«Байқоңыр» кешеніндегі Ресейдің Ішкі істер министрлігі басқармасы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты әкімшілік іс қозғап, құқық бұзушыны Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуы дұрыс шешімін табуы қажет. Ол үшін халықаралық құжаттарға «Байқоңыр» кешенінің аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасы азаматтарының әкімшілік жауаптылығын Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес анықтауды көздейтін нақты өзгерістер енгізу қажет деп санаймыз.

Талқылау

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы Келісімнің 1 бабына сәйкес, Байқоңыр қаласы жалға алу жағдайында жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі. Қала аумағында Байқоңыр ғарыш айлағының объектілері, сондай-ақ Байқоңыр ғарыш айлағының жеке құрамына, олардың отбасы мүшелеріне және қаланың басқа тұрғындарына қажетті коммуналдық-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени жағдайлар жасайтын басқа объектілер орналасқан. Ресей Федерациясымен қарым-қатынаста Байқоңыр қаласы «Байқоңыр» кешенін жалға алу кезеңінде объектілерді, кәсіпорындар мен ұйымдарды қауіпсіз пайдалану, сондай-ақ азаматтардың тұруы үшін ерекше режимі бар Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қаласына сәйкес мәртебеге ие болады. [6; 1]. Байқап отырсақ, Байқоңырдың бекітілген құқықтық мәртебесі айрықша. Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қала мәртебесін иеленсе де, Ресей Федерациясының субъектісі деген конституциялық мәртебесі жоқ. Ресейдің өзге федералдық маңызы бар қалаларына қарағанда, Байқоңырдың Жарғысы жоқ. РФ Федерация Кеңесінде оның заң шығарушы және атқарушы органдарының өкілдері жоқ. Қалада жергілікті өзін-өзі басқару да жоқ.

Қазіргі кезеңде қалалар мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени өмірінің әртүрлі қатынастағы орталығы болып табылады. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, шаруашылығының мамандануы, тұрғындарының этникалық, демографиялық, сандық өзгешеліктері болады [8; 2259]. Келісімнің 5 бабында көрсетілген қалалық басқару жүйесі шектеулі. Байқоңыр қаласында өкілді билік органдары құрылмайды. Байқоңыр қаласы тұрғындарының қоғамдық өзін-өзі басқаруының жоғары органы — Қоғамдық кеңес, ол аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының өкілдерінен және қалада заңды тұлға ретінде тіркелген ұйымдар мен кәсіпорындардың өкілдерінен құрылады. Қоғамдық кеңестің қызметі қала тұрғындарының конференциясында бекітілген ережемен реттеледі. Тұрғындар өзін-өзі басқару құқығын референдум, тұрғылықты жері бойынша азаматтардың жалпы жиналыстарына (конференцияларына) қатысу арқылы, сондай-ақ аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының сайлауына қатысу арқылы жүзеге асырады. Қоғамдық кеңес қала әкімшілігі органдарына, қалалық қызметтерге тұрғын үй, құрылыс, абаттандыру, қоғамдық тәртіпті сақтау, сауда кәсіпорындарының жұмысын жақсарту, қоғамдық тамақтандыру, көлік, тұрмыстық қызмет көрсету, байланыс, мүгедектерге, зейнеткерлерге, көп балалы отбасыларға, халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік қолдау мәселелерінде көмек көрсету, қаланы дамытудың перспективалық бағыттарын айқындауға, сондай-ақ Байқоңыр қаласының атқарушы билік органдарының бюджет қаражатын жұмсауына бақылау жасауға көмектесу мақсатында құрылады.

Қала әкімшілігінің басшысын Ресей Федерациясының ұсынысы бойынша екі мемлекеттің президенттері тағайындайды. Қала әкімшілігін жалдау шартының қолданылу кезеңінде Ресей Федерациясының Үкіметі осы әкімшілік басшысының ұсынысы бойынша құрады. Қала әкімінің қаланы басқару бойынша кең көлемдегі өкілеттіліктері бар. Олардың қатарына қала шаруашылығындағы салаларды, әлеуметтік саланы басқарудың, қоғамдық тәртіпті сақтау мен

азаматтардың құқықтарын қорғауды ұйымдастырудың жобасын бекіту; Ресей Федерациясының Үкіметіне қала әкімшілігі құрылымының жобасын, қала әкімі орынбасарларының кандидатураларын, қалалық бюджеттің жобасын, бюджеттің орындалуы туралы есептерді ұсыну; Байқоңыр кешенінің Үйлестіру кеңесімен қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуының қалалық бағдарламалардың жоспарларын, Байқоңыр кешенінің Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясының деңгейінде бекітуді талап ететін мәселелері бойынша келісу; тәртіп қорғау органдарының қызметін үйлестіру; Ресей Федерациясының заңдарына сәйкес қызметінің қала халқына маңыздылығына қарай кәсіпорындарға салық және басқа төлемдердің қала қорына кірісіне есептелетін сомасы шегінде салықтық және өзге де жеңілдіктерді беру тәрізді кең көлемдегі өкілеттіліктер жатады [6; 7].

Қала тұрғындары тарапынан Байқоңыр қаласының әкімшілігі қызметіндегі кемшін тұстар ретінде бюрократиялық ұзын сонарлыққа салыну, әкімшіліктің халықпен кері байланысының әлсіздігі ескертіледі. Мысалы, резидент емес қонақтарға рұқсат қағаз алу үшін қала тұрғыны «Тұрғын үй шаруашылығы» мемлекеттік унитарлық кәсіпорнына қарыздарының жоқтығын растау үшін жеке жүгінуі керек, одан кейін Режим және қауіпсіздік басқармасындағы үлкен кезекті өткізіп барып қана, қажетті құжатқа қол жеткізетіндіктерін алға тартады. Тұрғын үй комиссиясы арқылы пәтер алу — көптеген құжаттарды жинауды қажет ететін өте қиын үрдіс екені айтылады. Мүмкін бұлардың бір себебі, Байқоңыр қалалық әкімшілігімен ұсынылатын электронды қызметтің болмауы шығар. Алдағы уақытта электронды қызмет көрсетуді жолға қойса, қағазбастылық мүмкін азаяр.

Қала аумағында Ресей заңнамасы қолданыста, бірақ Қазақстан азаматтарының құқықтары да сақталуы қажет. «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының азаматтық және әскери қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне Ресей заңнамасы қолданылады, сондай-ақ Ресейдің құзыретті органдары әрекет етеді.

Жоғарыда көрсетілген нормативті-құқықтық актілерде, өкінішке орай, ішкі қайшылықтар кездеседі, заманауи даму бағыттарын толық айқындай алмайтын сәттері де байқалады. Солардың кейбір тұстарына нақтылай тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Байқоңыр қаласы тұрғындарының құқықтары оның мәртебесі туралы келісімге және арнаулы халықаралық құжаттарға сәйкес анықталады. Байқоңыр қаласы тұрғындары қатарына қала аумағында тұрғылықты тұратын және қала әкімшілігінде тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Ресей Федерациясының азаматтары жатады. Байқоңыр ғарыш айлағының әскери қызметкерлері (офицерлер, прапорщиктер) және олардың отбасы мүшелері Байқоңыр қаласы тұрғындары қатарына жатады. Жалпы алғанда, Ресей Федерациясының немесе Қазақстан Республикасының азаматтылығын сақтай отырып, қала тұрғындары өз мемлекетінің заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Тұрғындардың құқықтарын саяси сенімдеріне, ұлттық немесе нәсілдік тиістілігіне, әлеуметтік шығу тегіне, жынысына, әлеуметтік немесе мүліктік жағдайына, тіліне, дінге қатысына байланысты шектеуге жол берілмейді.

Адамдардың ерекше режимде өмір сүруі және жұмыс істеуі жалпы әлеуметтік көтермелеуді қажет етеді. Ол үшін мемлекет тарапынан тұрғындардың қамтамасыз етілу деңгейін көтеру, әлеуметтік қорғау шараларын, еңбек ақысы мәселелерін ретке келтіру және мемлекеттік сақтандыру шараларын жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда көрсетілген келісімнің 20 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының азаматтарын «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істейтін мекемелерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға, сондай-ақ ішкі істер органдарындағы келісімшартпен қызметке, жұмысқа қабылдау кәсіби біліктері негізінде осы мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың мамандарды іріктеу талаптарына сәйкес жүзеге асырылады [6; 20]. Дегенмен, бұл салада да күрделі күрмеуін шешуге тиісті мәселелер баршылық. Олардың қатарын бос жұмыс орындарына қол жетімділіктің әртүрлі болуы, оған мемлекет азаматтылығының ықпалы, Қазақстан Республикасы азаматтарын жұмыспен қамтудың қиындығы, муниципалды қызмет талаптарының болуына байланысты ҚР азаматтарының қала әкімшілігіне қызметке тұра алмауы, сыбайлас жемқорлық тәуекелінің болуы, қаладағы кәсіпорын, ұйымдардың лауазымды қызметінде әскери зейнеткерлердің көп болуы, нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздықтың орын алуы құрайды. Жақында Байқоңыр қаласын дамыту мәселесі бойынша жиында «Жұмыспен қамтудың 2020–2021 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай елді мекендерінде электр желілерін реконструкциялау, көшелерді жөндеу және жарықтандыру, білім беру мекемелерін ағымдағы жөндеу

бойынша жобалар жүзеге асырылғандығы, 610 жұмыс орны ашылып, оның 306-сы Байқоңыр қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» арқылы тартылғандығы хабарланды [9].

Қазіргі кезеңде өзекті мәселелер қатарын құрап отырған медициналық қамтамасыз ету мәселесіне келетін болсақ, «Байқоңыр» кешенінде тұратын және / немесе жұмыс істейтін Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық қамтамасыз ету Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау және медициналық өнеркәсіп министрлігі, Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі (Әскери ғарыш күштері), Ресей ғарыш агенттігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Ленинск (қазіргі Байқоңыр) қаласының әкімшілігі арасындағы «Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алу жағдайында «Байқоңыр» кешенінің жеке құрамына және басқа да Ленинск тұрғындарына медициналық көмек көрсету тәртібі туралы» 1995 жылғы 20 сәуірде қол қойылған Келісімге сәйкес жүзеге асырылады. [10]. Байқоңыр қаласының аумағында денсаулық сақтау Ресей заңнамасы, сондай-ақ «Байқоңыр ғарыш айлағының жеке құрамына, Байқоңыр қаласының тұрғындарына, Төретам және Ақай ауылдарына Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалдау шарттары бойынша медициналық көмек көрсету тәртібі туралы» үкіметаралық келісім шеңберінде жүргізіледі. Байқоңырда міндетті медициналық сақтандыру жүйесі танылған, оның аумағында міндетті медициналық сақтандыру Қоры жұмыс істейді. Дегенмен, білікті мамандардың жетіспеушілігі және Қазақстан Республикасы азаматтары үшін сапалы медициналық көмекке қолжетімділіктің төмен деңгейі орын алып отырғандығын айтуға болады.

Кешенді медициналық көмекпен қамтамасыз етумен ресейлік тарап айналысады. Қаладағы барлық ауруханалар азаматтарды міндетті медициналық сақтандыру қорына енгізілген, демек, кез келген ММСҚ медициналық полисінің иегерлері медициналық көмек алу үшін қалалық медициналық мекемелердің кез келгеніне жүгінуге құқылы. Алайда, қаладағы жағдай басқаша: қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы басқарманың басты міндеті Роскосмос кәсіпорындарының қызметкерлеріне қызмет көрсету деп жариялады да, ең жақсы екі аурухананы тек осы мақсаттар үшін бөліп қойды, нәтижесінде кәсіпорында жұмыс істемейтін басқа адамдарды ығыстырып шығарды. Бұл кешеннің қажеттіліктеріне қызмет көрсететін тұрғындардың өз таңдауы бойынша медициналық көмек алуға жақсы мекемелерге бара алмайтындығына және қалған жалғыз қалалық ауруханаға баруға мәжбүр болуына әкелді.

Қалада эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты «Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ КМК базасында 120 төсек-орынға арналған провизорлық стационар ашылып, 10 өкпені жасанды желдету аппаратымен (ӨЖЖ), 34 оттекті концентраторлармен, қажетті дәрілік заттармен жабдықталған.

Халыққа білім беру сұрақтарына тоқталатын болсақ, Байқоңыр қаласында 12 орта білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде 5-еуінде білім беру ҚР БҒМ стандарттарына сәйкес қазақ тілінде жүзеге асырылатын болса, 7-еуі РФ Ағарту министрлігінің білім стандарттарына сүйенеді. Байқоңыр қаласы әкімшілігінің қарамағындағы және РФ білім беру стандарттары бойынша жұмыс істейтін мектептерде 3944 оқушы оқиды, оның ішінде 1439-ы (36,5 %) — Қазақстан Республикасының азаматтары. Білім беру бағдарламаларының әртүрлілігі қаладағы мектеп оқушыларының арасындағы білім сапасының әртүрлілігіне ықпал етеді.

Жоғары білім беру жүйесінде «Восход» Мәскеу авиациялық институтының филиалы және бірқатар ресейлік жоғары оқу орындарының өкілдіктері бар, бұл қаланың дамуына ықпал ететін жағымды тұсы ретінде ерекше атап өтуге лайықты.

Өкінішке орай, бірқатар қазақстандық қалалардағы туындап отырған мәселелердің бірі — мектепке дейінгі мекемелерде орынның тапшылығы Байқоңырда да кездеседі.

Байқоңыр қаласы тұрғындарының әлеуметтік кепілдіктері туралы айтқанда, зейнетақы құқықтарын қамтамасыз ету сұрақтарын қарастырмай кету мүмкін емес. Байқоңыр тұрғындарын (Ресей Федерациясының азаматтары, Қазақстан Республикасының азаматтары, үшінші елдер азаматтары және Байқоңыр қаласында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар) зейнетақымен қамсыздандыру Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады (Байқап отырсаңыздар қала тұрғыны түсінігінің өзі әртүрлі халықаралық келісімдерде әртүрлі деңгейде анықталатындығына куә боламыз). Оның негізгі ережелері Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 27 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Байқоңыр қаласының тұрғындарының зейнетақы құқықтарының кепілдіктері туралы» Келісімде көрініс тапқан. Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыру, сақтандыру жарналарын жинау және жинақтау Ресей тарапымен іске асырылады.

Байқоңыр қаласының тұрғындарына зейнетақы төлеуді қаржыландыруды Ресей Федерациясының Зейнетақы қоры жүзеге асырады, зейнетақы Ресей рублимен төленеді [11].

Жұмыс беруші ресейлік мекеме болатын болса, онда зейнетақы жарналары РФ Зейнетақы қорына түсетіндіктен, Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын қиындата түседі. Мысалға алатын болсақ, жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламаларына (мысалы, 7–20–25 бағдарламасы), жеңілдетілген автонесиелер алуға мүмкіндіктерін шектейді (БЖЗҚ арқылы төлем қабілеттілігін растау қажеттілігі туындайды). Ресей Федерациясының ұйымдарында жұмыс істеп, кейін қазақстандық кәсіпорындарға ауысқан жұмыскерлердің зейнетақы жарналарының жағдайы да түсініксіз.

Құрылыс саласындағы мәселелер. Қала әкімшілігі өзінің қарауындағы инфрақұрылым нысандарын салуға, қайта құруға және күрделі жөндеуге тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді. Кешенді жалдау шарты бойынша, салынып жатқан немесе қайта жөндеуден өтетін ғимараттар Қазақстан үкіметімен келісе отырып Ресейдің меншігіне өтеді және кейіннен белгілі бір жағдайларда өтелуге жатады. Жалға алушының жұмсаған шығындары «Байқоңыр» кешенін жалдауды есептеу кезінде ескерілуі керек. Алайда, аталған мәселелер бойынша барлық заңдық шикіліктерді жою толық аяқталған жоқ (Келісімнің 6.3 және 6.4-тармақтарында кемшілік бар). Бұл «Байқоңыр» кешенінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдірудегі басты назарда ұсталатын маңызды сәттердің бірі.

Кешеннің құқық қорғау органдарының, атап айтқанда, Ресейдің «Байқоңыр» кешеніндегі Ішкі істер министрлігі басқармасының қызметіне ерекше назар аудару қажет. Кешеннің құқық қорғау жүйесі ресейлік және қазақстандық құрылымдардан құрылған. Қала аумағында қала тұрғындары қала әкімшілігінің, оның органдары мен лауазымды адамдарының шешімдеріне шағымдана алатын Ресей Федерациясының гарнизондық әскери соты, қалалық сот бар. Байқоңырда Ресей және Қазақстан прокуратуралары, Ресей Федерациясының тергеу комитеті, Федералдық қауіпсіздік қызметі бөлімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілдігі және өзге де құқық қорғау органдары бар [12]. Дегенмен, қаладағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету басым түрде ресейлік органдармен жүзеге асырылады. Қазақстан азаматтары жалпы тәртіп бойынша ресейлік құқық қорғау органдарының құзыретінен тыс болуға тиісті. «Байқоңыр» кешені аумағында қылмыс жасаған ҚР азаматы, ҚР аумағында тіркеуден өткен үшінші бір мемлекет азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар ҚР құқық қорғау органдарымен ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылуы тиісті.

Алайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес келмеуіне байланысты «Байқоңыр» кешенінің аумағында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты Ресейдің құқық қорғау органдары әкімшілік іс қозғап, құқық бұзушыны Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуда. Бұл да шешімін табуы қажет ететін мәселелердің бірі.

Келесі бір өзекті мәселе, кәсіпкерлікпен айналысу, салық төлеу төңірегінде өрбуде. Байқоңыр қаласының аумағында тіркелген кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары «Байқоңыр» кешенін жалға алу мерзімінде «кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және Ресей Федерациясының заңды тұлғалары ретінде Байқоңыр қаласының әкімшілігінде қосымша тіркеледі». Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының тиісті меншік иелерінің мүліктік құқықтары сақталады. Заңды және жеке тұлғалардан алынатын салықтар, алымдар, баждар және басқа төлемдер қала бюджетіне есептеледі. Байқоңыр қаласында тіркелген салық төлеушілер тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сату кезінде қазақстандық салық төлеушілер есепке ала алмайтын 18 % қосымша құн салығы (ҚҚС) ставкасын қолданады (Ресей заңнамасына сәйкес).

Ал, қазақстандық салық төлеушілер тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сату кезінде ҚҚС-ты 12 % мөлшерінде қолданады, оны Байқоңыр қаласында тіркелген салық төлеушілер өтей алмайды. Бұл жағдай Байқоңыр қаласында Қазақстан мен Ресей салық төлеушілері сататын және тұтынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнының өсуіне әкеледі. Мәселенің орынды шешімін табу, екі жақты салық салуды жою үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы Келісімге толықтыру енгізу туралы шешім қабылданды. Онда Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген тәртіппен Байқоңыр қаласының аумағына және Байқоңыр қаласының аумағынан тауарларды әкелу мен әкетуге (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) жанама салықтарды қолдану көзделеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 21 бабының нормаларына сәйкес «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар» [13; 21]. Байқоңыр қаласының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, соған байланысты жанама салықтар төлеу қажеттілігі туындайтын тұрғындары да осындай құқыққа ие. Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 4-тармағына сәйкес, «әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» [13; 26]. Бұл құқық Байқоңыр қаласының тұрғындарына, Қазақстан Республикасының барлық басқа азаматтарына тікелей қатысты, олар кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде тауарларды қала аумағына әкелуге немесе одан әкетуге, Байқоңыр қаласының аумағына байланысты жұмыстарды жүзеге асыруға және қызметтер көрсетуге құқылы. Кез келген ел азаматына заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлеу міндеттелген. Дегенмен, кәсіпкерлікке салық салу салықты бір реттік төлеуді қарастырады. Қосарланған салық салу туындаған жағдайда, мәселені халықаралық шарт жасасу арқылы шешу қажет [14; 97].

Байқоңырға басқа да қазақстандық қалалардан тауарлар әкелінген кезде импорттаушы мемлекеттің ставкалары бойынша, яғни Қазақстан аумағынан Қазақстан аумағына салық салынады, бірақ Ресей заңдарына сәйкес. Байқоңыр ішінде тауарларды сатқаны үшін салық Ресей Федерациясының Салық кодексіне сәйкес алынады.

Салықтарды жинаудың жаңа, қазір енді тек ресейлік процедурасы тауарларды Байқоңыр аумағынан Қазақстанның басқа аумағына әкету кезінде ҚҚС-тың нөлдік мөлшерлемесін қолдануды және акциздерден босатуды көздейді. Байқоңыр қазақстандық аумақ, бірақ одан тысқары жерлер, қала шекарасынан тыс жерлер «Қазақстанның басқа бір аумағы» ретінде қарастырылады. Бұл факт қазірдің өзінде көптеген ыңғайсыз сұрақтарды тудырады.

Ресейлік салық заңнамасына көшу экспорт пен импорт процедураларын жеңілдетіп, Байқоңыр кәсіпкерлеріне айқындық әкелуі керек сияқты еді. Бірақ кәсіпкерлердің пікірінше, керісінше болып тұр: ғарыш айлағында Ресейдің салық құзыретінің орнығуы қазақстандық бизнес үшін тек жаңа қиындықтар әкелді. Қазақстанда ҚҚС мөлшері Ресеймен салыстырғанда әлдеқайда төмен, сондықтан қалаға импортталған тауарларды сатып алатындар үшін мүлдем тиімсіз болады. Нөлдік ҚҚС ставкасымен сататындар да өзіндік қиындықтарға тап болуда. Бұл өз алдына шағын кәсіпкерлікке тосқауыл болады. Себебі, көп тауар Қазақстаннан әкелінеді. Қазақстанда ҚҚС ставкасы 12 %, Ресейде 18 % құрайды. Жаңа хаттамаға сәйкес, Байқоңырға тауарларды Қазақстаннан әкелуге шешім қабылдаған адам оны 0 % ҚҚС ставкасы бойынша сатып алуы керек, сосын көліктік жүккүжат алып, қала аумағына әкелу туралы өтініш рәсімдеп, жанама салық төлеп, барлық құжаттарды салық органына тапсыру керек. Ол аз болса, 12 % ҚҚС орнына Ресей салық заңнамасына сәйкес 18 % ҚҚС төлеу қажеттілігі тағы бар. Бұдан әрі құжаттарды қазақстандық тауар жеткізушіге беріп, оның экспорттық 12 % ҚҚС мемлекеттен қайтарып алуды рәсімдеуін күту қажет. Қарап отырсаңыз, процедураның өзі күрделене түскен.

Салық саласындағы өзгерістер Байқоңыр аумағында тұратын кәсіпкерлерге айтарлықтай жеңілдік әкелмейтінін білдік, керісінше — олар үшін ҚҚС өсетіні сөзсіз. Шағын жеткізушілер үшін нөлдік салық мөлшерлемелері де көп пайда әкелмейді, тек жақсы жұмыс істейтін бизнесті іс қағаздарымен қосымша реттеуді өсіре түседі. Нәтижесінде, көптеген адамдар бизнестерін жаппау үшін, салық міндеттемелерінен мүлдем жалтаруы мүмкін.

Мемлекеттен ҚҚС қайтарумен айналысқысы келмейтін жеткізушілер бағаны ҚҚС сомасына төмендетпейді, бұл түпкілікті бағаның өсуіне әкеледі. Қалай болған күнде де, тауарлар Қазақстан мен Ресейдегі ҚҚС айырмашылығы көлемінде, яғни 6 % қымбаттайды.

Байқоңырдың Ресейдің салық заңнамасына көшуінен тауарлардың ірі жеткізушілері ғана ұтады, олар үшін нөлдік ҚҚС ставкасы нақты жеңілдіктер алуға мүмкіндік береді. Екінші бір ұтысқа ие болатын тарап ретінде, Байқоңыр қалалық бюджетін атауға болады, егер кәсіпкерлер салықтық міндеттерінен жалтармай, адал салық төлейтін болса. Ал, нақты ұтылатын тарап — тауар тұтынушылар. Қала тұрғындары үшін азық-түлік тауарларына бағаның жоғары болуы, оған әсер етуші фактор ретінде жоғарыда қарастырылған салық жүйесіндегі қайшылықтар орын алуда.

Қорытынды

«Байқоңыр» ғарыш айлағы 2025 жылға дейін, жоспар бойынша 2050 жылға дейін Ресейдің федеративті ғарыш бағдарламалары жүзеге асырылатын негізгі космодром болып қала бермекші.

Қазіргі кезде ресейлік ғарыш аппараттарының 70 % -дан астамы осы жерден ұшырылады, оның халықаралық маңызы да зор. Осындай жағдайда, «Байқоңыр» ғарыш айлағының, онымен тығыз байланысты Байқоңыр қаласының даму болашағы 2016 жылдың желтоқсанында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында қабылданған «Байқоңыр» кешеніндегі ынтымақтастық концепциясы бойынша анықталады. «Байқоңыр» ғарыш айлағының әрі қарай даму болашағы екі мемлекеттің ғарыш бағдарламаларымен, қазақстан-ресей ғарыш жобаларының, соның ішінде «Бәйтерек» жобасының іске асырылуымен тығыз байланысты. Тиісінше құқықтық нормаларды енгізу және жетілдіру Байқоңырды ғарыштық жобаларда тиімді пайдалануды жалғастыруға және Ресей мен Қазақстан арасындағы құқықтық өзара іс-қимылды жақсартуға ықпал етуі тиіс.

Байқоңыр қаласының мәртебесі туралы мәселелерді қарастыру барысында, екі жақты құқықтық режимді қаланың өмір сүруі мен әрекет етуіне ықпал ететін мынандай жағдаяттар тұжырымдалды:

– Байқоңыр қаласы жалға алу жағдайында жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі, бұл оның құқықтық мәртебесінің бір қырын көрсетеді;

– Екінші жағынан, Байқоңыр қаласы Ресей Федерациясымен қатынасында «Байқоңыр» кешені жалға алынған кезеңде объектілердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қауіпсіздік қызмет етуіне, сондай-ақ азаматтардың тұру жағдайында айрықша тәртіпті Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қаласына сәйкес мәртебеге ие болады;

– Екі жақты Келісімде бекітілгендей Байқоңыр қалалық басқару жүйесі шектеулі. Қала әкімшілігінің басшысын Ресей Федерациясының ұсынысы бойынша екі мемлекеттің президенттері тағайындайды. Қала тұрғындарының қоғамдық өзін-өзі басқаруының жоғарғы органы ретінде Қоғамдық кеңес танылған;

– Қала аумағында Ресей заңнамасы қолданылады, бірақ Қазақстан азаматтарының құқықтары да сақталуы қажет. «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының азаматтық және әскери қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне Ресей заңнамасы қолданылады, сондай-ақ Ресейдің құзыретті органдары әрекет етеді;

– Байқоңыр қаласы тұрғындарының құқықтары Байқоңырдың мәртебесі туралы Келісімге және арнаулы халықаралық құжаттарға сәйкес анықталады. Ресей Федерациясының немесе Қазақстан Республикасының азаматтылығын сақтай отырып, қала тұрғындары өз мемлекетінің заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады;

– Байқоңыр қаласы тұрғындарының әлеуметтік құқықтары мемлекет тарапынан қорғалады. Дегенмен, шешімін табуы қажет ететін тұстары да баршылық. Бос жұмыс орындарына қол жетімділіктің әртүрлі болуы, Қазақстан Республикасы азаматтарын жұмыспен қамтудың қиындығы, жастар арасындағы жұмыссыздықтың орын алуы, еңбек ақысы тұрғысынан айырмашылықтардың болуы, Қазақстан Республикасы азаматтары үшін сапалы медициналық көмекке қол жетімділіктің төмен деңгейі, білім беру бағдарламаларының әртүрлілігі, зейнетақымен қамсыздандырудың мәселелері жаңа тұрғыдан бағаланып, шешімін табуға лайықты;

– Қалада тұрақты тұруға ықтиярхаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарының пәтерлерін жекешелендіруі туралы мәселені шешу қажет. Тұрақты тұруға ықтиярхаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстанның басқа қалаларынан пәтер ала алмайды, өйткені қазақстандықтар үшін Байқоңырдан қоныс аудару бағдарламасы қарастырылмаған.

Кешеннің құқық қорғау органдарының, атап айтқанда, Ресейдің «Байқоңыр» кешеніндегі Ішкі істер министрлігі басқармасының қызметіне ерекше назар аудару қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты Ресейдің құқық қорғау органдары әкімшілік іс қозғап, құқық бұзушыны Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуы шешімін табуы қажет ететін мәселе.

Келелі мәселелердің бірі — заңды және жеке тұлғалардан алынатын салықтар, алымдар, баждар және басқа төлемдерге байланысты. Бұл сұрақтың соңғы жылдар ішінде талқыланып, жаңаша сипатта шешілгендігіне қарамастан, кәсіпкерлерге және қала тұрғындарына тиімділік деңгейі төмендігін мойындау қажет.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін барынша терең қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі институтын жетілдіру қажеттігі алға тартылады.

Зерттеу нәтижелерін «Байқоңыр» кешені бойынша үкіметаралық комиссияның қарауына тиісінше пысықтаудан кейін ұсынуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Москвич Е. Байқонур: история первого космодрома планеты [Электронный ресурс] / Е. Москвич, Р. Азанов. — Режим доступа: <https://tass.ru/kosmos/8612183>.
- 2 «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы арасындағы келісім (Мәскеу, 28 наурыз 1994 ж.) [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://docs.cntd.ru/document/1902968>.
- 3 Қызылорда облысы Ленинск қаласының атауын өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 20 желтоқсан 1995 жыл, № 2695 [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004942.
- 4 Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Байқоңыр кешенін жалға алу Шарты [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1011895.
- 5 Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «БАЙҚОҢЫР» кешенін тиімді пайдалану бойынша ынтымақтастықты дамыту туралы Келісім (Астана қаласы, 9 қаңтар 2004 жыл) [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1046401.
- 6 Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы Келісім (Мәскеу қаласы, 23 желтоқсан 1995 жыл) [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1016696.
- 7 Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі туралы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 155 Жарлығымен бекітілген [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000155.
- 8 Baizhanova, Kulzira; Kozhakhmetov, Galym; and Akhmetova, Nailya. Legal Basis of the Status of Cities in Kazakhstan // Journal of Advanced Research in Law and Economics. — 2018. — Volume IX. — Winter 7(37).— P. 2256 — 2266.DOI: 10.14505/jarle.v9.7(37).07.
- 9 Байқоңыр қаласын дамыту мәселесі қаралды. 07.08.2020. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: kuzylorda-news.kz/kogam/bajqongyr-qalasin-damytw-maeselisi-qaraldu-74959.
- 10 Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о социальных гарантиях граждан Республики Казахстан и Российской Федерации, проживающих и/или работающих на комплексе «Байқонур» (г. Алматы, 12 октября 1998 г.) [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1011892#pos=0;0.
- 11 Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о гарантиях пенсионных прав жителей города Байқоңыр Республики Казахстан (г. Алматы, 27 апреля 1996 г.) [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013382#pos=0;0.
- 12 Құқық қорғау органдары [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://www.baikonuradm.ru/index.php?mod=pp1>.
- 13 Қазақстан Республикасы Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution.
- 14 Айдарбаева С.Ж. Договорное урегулирование применения косвенных налогов при реализации и ввозе товаров, а также при выполнении работ и оказании услуг на территории города Байқонур / С.Ж. Айдарбаева, Б.А. Удербасова // Изв. Национальной академии наук Республики Казахстан. — Сер. обществ. и гуманитар. наук.— 2016. — № 3. — С. 95–100.

К.Т. Байжанова, Р.Б. Ботагарин

Некоторые вопросы особого правового статуса города Байқонура

В статье г. Байқонур рассмотрен в качестве административно-территориальной единицы Республики Казахстан, функционирующей в условиях аренды и в отношениях с Российской Федерацией на период аренды комплекса «Байқонур», наделенного статусом, соответствующим городу федерального значения Российской Федерации, с особым режимом безопасного функционирования объектов, предприятий и организаций, а также проживания граждан. Поскольку г. Байқонур и одноименный космодром имеют особый правовой статус и представляют уникальный комплекс, не имеющих аналогов в мире, существует множество вопросов, требующих решения. Функционирование Байқонура в двух правовых режимах порождает ряд юридических вопросов, существенно осложняющих его деятельность. Данные вопросы проанализированы в соответствии с законодательством Казахстана, России и международными соглашениями. Вопросы правового регулирования статуса города требуют специального научно-теоретического исследования, анализа и осмысления происходящих изменений, поскольку остро ощущается потребность в выработке конкретных правовых рекомендаций, методик и технологий, способствующих совершенствованию и оптимизации статуса города. Цель исследования — провести комплексный анализ статуса Байқонура, выявить актуальные вопросы, разработать рекомендации по совершенствованию законодательства и практики в этой сфере.

Ключевые слова: город Байқонур, космодром Байқонур, статус города, административно-территориальная единица Республики Казахстан, город федерального значения, гражданство, социально-экономические права, международные соглашения, правовой режим, налоги.

Some issues of the special legal status of the city of Baikonur

The article discusses the city of Baikonur which is considered as an administrative-territorial unit of the Republic of Kazakhstan, operating under lease conditions and in relations with the Russian Federation, for the period of lease of the Baikonur complex, it is endowed with a status corresponding to the city of federal significance of the Russian Federation, with a special regime for the safe operation of facilities, enterprises and organizations as well as residence of citizens. Since the city of Baikonur and the cosmodrome have a special legal status and are unique in the world, there are many issues that need to be solved. Simultaneous operation of Baikonur in two legal spaces raises a number of legal issues that significantly complicate its activities. These issues are analyzed in the work in accordance with the Kazakhstan and Russian legislation and international agreements. Issues of legal regulation of the status of the city require special scientific and theoretical research, analysis and understanding of changes, as it allows to develop specific legal proposals, methods and technologies that will help to improve and optimize the status of the city. The purpose of the study is to conduct a comprehensive analysis of the status of Baikonur, to identify its current aspects, to prepare recommendations for improving the legislation and practice in this area.

Keywords: city of Baikonur, Baikonur cosmodrome, status of the city, administrative-territorial unit of the Republic of Kazakhstan, city of federal significance, citizenship, social and economic rights, international agreements, taxes.

References

- 1 Moskvich, E. & Azanov, R. Baikonur: istoriia pervoho kosmodroma planety [Baikonur: the history of the planet's first cosmodrome] *tass.ru* Retrieved from: <https://tass.ru/kosmos/8612183> [in Russian].
- 2 «Baiqonyr» garysh ailagyn paldalanudyn negizgi kagidalary men sharttary turaly Resei Federatsiiasy zhane Qazaqstan Respublikasy arasyndagy kelisim (Maskeu, 28 nauryz 1994 zh.) [Agreement between the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan on the Basic Principles and Conditions for the use of the Baikonur cosmodrome (Moscow, March 28, 1994)] *docs.cntd.ru* Retrieved from: <http://docs.cntd.ru/document/1902968> [in Kazakh].
- 3 Qyzylorda oblysy Leninsk qalasyyn atayn ozgertu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy, 20 zheltospan 1995 zhyly, No2695 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan on renaming the city of Leninsk, Kyzylorda region, December 20, 1995, No2695] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004942 [in Kazakh].
- 4 Resei Federatsiiasy Ukimeti men Qazaqstan Respublikasy Ukimeti arasyndagy Baiqonyr keshenin zhalga alu Sharty [Agreement between the Government of the Russian Federation and the Government of the Republic of Kazakhstan on the lease of the Baikonur complex] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1011895 [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasy men Resei Federatsiiasy arasyndagy «BAIQONYR» keshenin tiimdi paldalanu boynsha yntymaktastykty damyту turaly Kelisim (Astana kalasy, 9 kantar 2004 zhyly) [Agreement between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation on the development of cooperation for the efficient use of the Baikonur complex (Astana, January 9, 2004)] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=1046401 [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasy men Resei Federatsiiasy arasyndagy Baiqonyr qalasyyn martebesі zhane ondagy atkarushy okimet organdaryn qyruydyn tartibi men olardy martebesі turaly Kelisim (Maskey qalasy, 23 zheltoksan 1995 zhyly) [Agreement between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation on the status of the city of Baikonur and the procedure for the establishment of executive bodies and their status (Moscow, December 23, 1995)] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1016696 [in Kazakh].
- 7 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin «Baiqonyr» keshenindegi arnaly okili turaly erezhe Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2006 zhylygy 25 shildedege No155 Zharlygy men bekitylgen [Regulations on the Special Representative of the President of the Republic of Kazakhstan at Baikonur Complex approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated July 25, 2006 No155] *adilet.zan.kz* Retrieved from: adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000155 [in Kazakh].
- 8 Baizhanova, Kulzira; & Kozhakhmetov, Galym; and Akhmetova, Nailya. (2018). Legal Basis of the Status of Cities in Kazakhstan *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, Vol. IX, Winter 7(37), 2256 — 2266. DOI: 10.14505/jarle.v9.7(37).07 [in English].
- 9 Baiqonyr qalasy damyту maselesi qaraldy [The issue of Baikonur development was considered. 07.08.2020] *kyzylorda-news.kz* Retrieved from: kyzylorda-news.kz/kogam/bajqongyr-qalasy-damytw-maselesi-qaraldy-74959 [in Kazakh].
- 10 Sohlashenie mezhdur Pravitelstvom Respubliki Kazakhstan i Pravitelstvom Rossiiskoi Federatsii o sotsialnykh harantiiakh hrazhdan Respubliki Kazakhstan i Rossiiskoi Federatsii. prozhivaiushchikh i/ili rabotaiushchikh na komplekse «Baikonur» (h. Almaty, 12 oktiabria 1998 h.) [Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Russian Federation on social guarantees of citizens of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation living and / or working at the Baikonur complex (Almaty, October 12, 1998)] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1011892#pos=0;0 [in Russian].
- 11 Sohlashenie mezhdur Pravitelstvom Respubliki Kazakhstan i Pravitelstvom Rossiiskoi Federatsii o harantiiakh pensionnykh prav zhitelei horoda Baikonyr Respubliki Kazakhstan (h. Almaty, 27 apreliya 1996 h.) [Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Russian Federation on guarantees of pension rights for residents of the city of Baikonur of the Republic of Kazakhstan (Almaty, April 27, 1996)] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013382#pos=0;0 [in Russian].

12 Quqyq qorgau organdary [Law enforcement agencies] *baikonuradm.ru* Retrieved from: <http://www.baikonuradm.ru/index.php?mod=pp1> [in Kazakh].

13 Qazaqstan Respublikasy Konstitutsiiasy. 30 тамыз 1995 zhyl [The Constitution of the Republic of Kazakhstan] *akorda.kz* Retrieved from: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution [in Kazakh].

14 Aidarbayeva, S.Zh., & Uderbayeva, B.A. (2016). Dohovornoe urehulirovanie primeneniia kosvennykh nalohov pri realizatsii i vvoze tovarov, a takzhe pri vypolnenii rabot i okazanii usluh na territorii horoda Baikonur [Contractual regulation of the use of indirect taxes in the sale and import of goods, as well as in the performance of work and the provision of services in the territory of the city of Baikonur] // *Izvestiia Natsionalnoi akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh i humanitarnykh nauk — Proceedings of the national Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Social and humanitarian sciences series, 3, 95–100* [in Russian].

Репозиторий Кару